

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жерлесіміз республикалық турнирге жолдама алды

Қазақ күресі – қазақтың ұлттық әрі ең көне спорт түрі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің өзіндік ерекшеліктері көп.

Қазіргі таңда ұлттық спорт түрін болашақ ұрпақ бойына насихаттау мақсатында көне әрі ұлттық ойын түріне айрықша мән берілген.

Сондай мақсатта, қараша айының 19-шы жұлдызында Қостанай қаласында Ыбырай Алтынсаринді еске алуға арналған облыстық «Жас барыс» атты қазақ күресінен турнир ұйымдастырылған болатын. Дүбірлі дода 2008-2009 жылдар аралығындағы жасөспірімдер арасында өткізіліп, соның ішінде, 12 топ, 160-қа жуық балуан қатысып, өз бақтарын боз кілемде сынады.

Жарыс мақсаты – жастар арасында қазақ күресін кеңінен танытып, өскелең ұрпақ бойына дарыту әрі насихаттау.

Турнирдің ашылу салтанатында Қостанай облысы әкімінің орынбасары, Қазақ күресі федерациясының президенті Ринат Мұхаметқалиев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларды облыстық турнирдің ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Дәстүрлі додада біздің аудан балуандары бой көрсетіп, өз бақтарын сынаған болатын.

- Жыл сайын өткізілетін бұл турнирге бүгінде облыстың түкпір-түкпірінен болашақ ел чемпиондары жиналып, намысты қолдан



бермеуде. Қазақ күресінің жыл сайын дамып, ұлттық спортымыздың ұмыт қалмай, болашақ ұрпақтың қызыға айналысып жүргені бұл біз үшін үлкен қуаныш әрі мақтаныш. Біз жаттықтырушылар мойнымызға жүктелген міндет пен жауапкершілікті абыроймен атқарып, аудан бойынша қазақ күресін жас ұрпаққа тереңінен дәріптейміз деген сенімдемін, - дейді аудандық білім бөлімінің әдіскері Сапар Жауатов

Облыстық «Жас Барыс» турнирінде ауданымыздың намысын «Mendikara Qazaq Kuresi» спорт клубының шәкірттері Даниил Бойко, Кирилл Бурилин, Максим Половников қорғап, жүлделі орындардан көрініп, аудан намысын асқақтатты.

Жарыс нәтижесі бойынша Максим Половников

38 кг салмақ дәрежесінде боз кілемде бақ сынасып, 3-орынды қанжығасына байласа, Кирилл Бурилин 70 кг салмақта 3-орынды иемденді. Даниил Бойко 75 кг салмақ дәрежесінде намысты қолдан бермей 1-ші орынды ұтып алып, республикалық турнирге жолдама алды.

Қазақ күресінен аудан бойынша болашақ ел чемпиондарын даярлайтын, шәкірттеріне өз көмектері мен қолдауын білдіретін бапкерлердің еңбегі зор екенін балуандарымыз бір дәледеді. «Ұстаздан шәкірт озар жарысқанда» демекші ұстаздары шәкірттеріне дән риза.

- Біз бұл турнирге ұзақ уақыт дайындалған болатынбыз. Тынымсыз еңбек пен қатаң тәртіптің арқасында балуандарымыз әр жарыста жүлделі орындардан көрінуде. Баланың ұлттық

спортқа деген ынтасы мен қызығушылығы биік белестерге жетелейтіні анық. Сол себептен, біз әрдайым қолымыздан келген көмекті аямай, барынша қолдау білдіруге даярмыз. Бүгінгі облыстық жарыс деңгейінде шәкірттеріміз жеңіс тұғырынан көрініп, қуанышымызды көкке жеткізді. Еселі еңбек нәтижесі деп білеміз. Біз бір орында тұрып қалмай, әлемдік деңгейде бақ сынасатын шәкірттерді даярлаймыз, - дейді қазақ күресінің жаттықтырушысы Сапар Қуанышұлы.

Ұлттық ойындарымызды ұлықтатар жарыс түрлері өз жағасын тауып, өскелең ұрпақ қызығушылығы артса екен дейміз. Бүгінгі жеңіс иелері мен бапкерлерді құттықтай отыра, алдағы уақытқа сәттілік тілейміз.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА